

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 6 "Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылы Ә.Құрмантаев және Қ.Сәтпаев көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 тамыздағы № 19 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 тамызда № 29271 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және Сайрам ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 2 тамыздағы № 08-02-03/458 ұсынысы негізінде,
ШЕШТІМ:

1. Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылы Ә.Құрмантаев және Қ.Сәтпаев көшелері аумағында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 6 "Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылы Ә.Құрмантаев және Қ.Сәтпаев көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28027 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

М. Оразбаев